

**Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 маусымдағы № 27/4-V "Астана қаласының әлеуметтік маңызды бағыттарының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 197/28-V шешімі . Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 796 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 маусымдағы № 185/23-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 19.06.2024 № 185/23-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 6 маусымдағы № 27/4-V "Астана қаласының әлеуметтік маңызды бағыттарының тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 2012 жылдың 19 маусымында № 728 болып тіркелді, "Астана ақшамы" газетінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 68 нөмірінде, "Вечерняя Астана" газетінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 73 нөмірінде жарияланған) шешіміне (бұдан әрі - Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "бағыттар" сөзі " қатынастар" сөзімен ауыстырылсын;

Шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы  
Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

С. Хамхоев

С. Есілов

## Астана қаласының жолаушылар тасымалының элеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесі

Р/с №	Қатынастар
1.	№ 39 жол айрығы - "Автоматика" тұрғын алабы - Өндіріс тұрғын алабы
2.	АОЖ-10 - Көктал-2 – Көктал-1 тұрғын алабы
3.	Промышленный тұрғын алабы маңындағы саяжайлық алап – Күйгенжар тұрғын алабы
4.	Промышленный тұрғын алабы маңындағы саяжайлық алап – Бурабай көшесі, № 38
5.	"Кирпичный" тұрғын алабы – Досмұхаметұлы көшесі, № 2
6.	Газ аппаратурасының маңындағы саяжайлық алап – "Полянка" – "Агроқалашық" тұрғын алабы
7.	Пригородный тұрғын алабы – № 188 көше
8.	Қабанбай батыр даңғылы – Достық шағын ауданы – "Жағалау-3" шағын ауданы
9.	"Көкбазар" базары – Тайтөбе ауылы